

**Павлодар облысы аумағында шектеулі
карантиндік шаралар туралы
№6 ҚАУЛЫСЫ**
(өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы)

2021 жылғы «11» наурыз

Павлодар қаласы

Мен, Павлодар облысы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері, Алиев Батырбек Төлеубекұлы, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 38-бабына, 104-бабы, 2-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес,

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. 2021 жылғы 25 ақпандағы «Павлодар облысы аумағында шектеулі карантиндік шаралар туралы» №4 Қаулысына келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың 3) тармақшасы келесідей редакцияда жариялансын:
«3) кезекші топтарды қоспағанда, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызметіне тыйым салу. Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің кезекші топтарының қызметіне **адам саны 25-тен аспайтын** топтардың жинақталуымен ҚР БМСД №67 Қаулысының талаптары сақталған жағдайда жол беріледі»;

2) 1-тармақтың 11) тармақшасы келесідей редакцияда жариялансын:
«11) 2020-2021 оқу жылының үшінші тоқсанынан:
– 300 адамға дейінгі контингенті бар қалалық және ауылдық мектептерде балалар санын 15 адамнан асырмай дәстүрлі форматта оқытуды;
– жалпы білім беретін мектептерде **мектепалды сыныптарда**, 1-ден 5-ке дейінгі сыныптарды қоса алғанда, **балалар санын 25-тен аспайтын сыныптардың** толық жиынтығын ескере отырып аралас форматта оқытуды;
– мектеп бітіруші сыныптар (9, 11(12) сыныптар) үшін ағтаның 6 күнінде аралас білім беруді: 70% пәндер пәтаттық режимде, 30% – қашықтықта (сыныпта 15 адамнан көп емес, әлеуметтік қашықтықты сақтау, 1 сынып - 1 кабинет принципі бойынша оқыту), мектепте бір мезгілде жобалық қуатының 30% - дан аспайтын болуы, санитарлық-дезинфекциялық режимді, бетперде режимін күшейту); – білім беру мекемесі әкімшілігінің шешімі бойынша оқушыларды сабақтан тыс уақытта **адам саны 15 аспайтын** топтарда жеке оқытуды»;

3) 1-тармақтың 32) тармақшасы келесідей редакцияда жариялансын:
«32) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, бір келушіге кемінде 4 шаршы метрді қамтамасыз еткен жағдайда, уақытын сағат 8:00 ден 24:00-ге дейін шектеумен сауналардың қызметіне **Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі күндері жұмысын тоқтата отыра рүкесат** беруді;

4) 1-тармақтың 29) тармақнасы келесідей редакцияда жариялансын:
«ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, бір адамға су айнасының 5 шаршы метр есебінен жеке формата бассейндер қызметіне рұқсат беруді»;

5) 1-тармақ төмендегідей мазмұндағы 54) тармақшалармен толықтырылсын:
«54) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, бір келушіге кемінде 4 шаршы метрді қамтамасыз еткен жағдайда, уақытын сағат 8:00 ден 24:00-ге дейін шектеумен СПА орталықтардың қызметіне рұқсат беруді қамтамасыз етсін».

2. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы Қаулы 2021 жылдың 15 наурызында сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді

Павлодар облысының
Бас мемлекеттік
санитарлық дәрігері



Б. Алиев